

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК

# Торайғыров университетта

Экономическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2024)

---

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Экономическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ93VPY00029686

выдано  
Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области экономики, управления,  
финансов, бухгалтерского учета и аудита

**Подписной индекс – 76133**

<https://doi.org/10.48081/YYCZ8724>

---

**Бас редакторы – главный редактор**  
Давиденко Л. М.  
*доктор PhD*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*  
Шеримова Н. М., *магистр*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YOTK1938>

**\*Н. С. Досмағанбетов<sup>1</sup>, Б. Н. Жабымай<sup>2</sup>,  
Р. А. Ерниязов<sup>3</sup>, С. Рейдолда<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

<sup>2,3,4</sup>Қазақ технология және бизнес университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*e-mail: [dosmurlan@yandex.ru](mailto:dosmurlan@yandex.ru)

## **ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ**

*Мақалада Қазақстан Республикасы өңірлерінде құрылыс материалдары кластерлерін қалыптастыру арқылы аймақтық тұрғын үй инфрақұрылымын экономикалық дамыту ерекшеліктеріне сипаттама беріледі және талдау жасалады. Зерттеу барысында құрылыс материалдары кластері мен аймақтық тұрғын үй инфрақұрылымын дамытудың экономикалық тиімділігі арасындағы байланысқа бағытталған зерттеулердің жетіспеушілігі анықталды. Осыған байланысты жетіспеушіліктің орнын құрылыс материалдары өнімдерін өндірудің едәуір көлемі шоғырланған ел ретінде Қазақстан өңірлері мысалында толықтыруға деген ғылыми қызығушылық арта түсетіні сөзсіз. Бұл мақаланың зерттеу мақсаты болып өңір экономикасы мысалында аймақтық тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету үшін кластерлік бастамалар жүйесін енгізудің экономикалық тиімділігіне байланысты мәселелерді анықтау және оны пайдаланудың артықшылықтарын негіздеу табылады. Зерттеу құрылымы құрылыс материалдарының өндірісі саласын кластерлік дамытудың графикалық модельдерін және Қазақстандағы нарықтық жағдайларды көрсететін олармен байланысты проблемалардың типологиясын қамтиды. Зерттеу нәтижелері құрылыс материалдарының өндірісі саласының және тұтастай құрылыс индустриясының аймақтық даму стратегияларында кластерлік модельді пайдалану мүмкіндіктерін*

*көрсетеді және тұрғын үй мәселелері мен қалалық инфрақұрылымды экономикалық дамыту сияқты бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін кластерлеу жүйесін енгізудің маңыздылығын дәлелдейді.*

*Кілтті сөздер: құрылыс материалдары кластерлері; кластерлер; кластерлеу әлеуеті; өңірлік экономикаларды кластерлеу; тұрғын үй инфрақұрылымы; өңірлік даму.*

## **Кіріспе**

Кластерлер жаһандық және аймақтық экономика үшін салыстырмалы түрде жаңа ұйым түрі, тәуекелдер мен пайданы бөлуге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді. Кластерлік даму моделінің негізгі артықшылықтары оның айтарлықтай әлеуетінде және ең бастысы, ол әлемнің көптеген дамыған елдерінде сыналған. Мемлекеттің кластерді қолдау саясаты көптеген ұлттық ерекшеліктермен анықталғанына қарамастан, әлемдік тәжірибе ең гүлденген экономикалардың жұмыс істеуі қазіргі заманғы өндіріс пен басқару технологияларының артықшылықтарымен толықтай қамтамасыз етілетіндігін растайды. Осылайша кез-келген деңгейдің дамуын стратегиялық басқарудың заманауи тұжырымдамаларын жан-жақты қолдану арқылы мүмкін болады [1].

Кластерлер кез-келген елдің өңірлік экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде өрекет етеді, қосылған құны жоғары өндірістік үдеріске жағдай жасайды, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу, білім беру, қаржы ұйымдары, билік органдары арасында өзара тиімді қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді. Кластерлеудің жаңашылдығы оның микроэкономикалық құрамдас бөлікке айнала отырып, аймақтық экономикалардың дамуының аумақтық және әлеуметтік аспектілеріне ерекше мән беретіндігіне байланысты. Сондай-ақ, жүйе аймақтық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және бюджет кірісін ұлғайту тұрғысынан аймақтық экономиканың дамуын ынталандырудың тиімді құралдарын ұсынады [2].

## **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жүргізу кішіден үлкенге қарай бағытталады, сондықтан ең алдымен құрылыс материалдарының маңыздылығына назар аударылады. Өндірістегі отандық құрылыс материалдарының үлесі санаттар бойынша есептелді және импорт бойынша деректер ұсынылды. Кейіннен 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының көлеміндегі өзгерістер талданды. Мақалада, сондай-ақ құрылыс саласы Қазақстанның дамуының қозғаушы күшіне айналды деген болжам тексеріледі. Ол үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының

статистикалық деректеріне сәйкес, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және құрылыс жұмыстарының жиынтық көлемі арасындағы байланыс зерттеліп,  $ЖІӨ = f$  (құрылыс саласының көлемі) түріндегі регрессиялық модель салынды.

Нәтижелер әр аймақ үшін жалпы даму үрдісін бағалауға мүмкіндік берді. Құрылыс саласының көрсеткіштерін осындай егжей-тегжейлі талдау Қазақстанның құрылыс саласындағы қолданыстағы инфрақұрылым мен өзара іс-қимылды барынша барабар көрсететін ықтимал кластерлерді схемалық түрде ұсынуға мүмкіндік берді. Кластерлерді дамытуға типтік мәселелер бұрын алынған деректерді жалпылау нәтижелерін қолдана отырып жіктеледі.

Бұл микро және макро аймақтық деңгейде құрылыс саласын кластерлеу бойынша нақты ұсыныстар мен дәлелдемелерді дәлірек тұжырымдауға мүмкіндік береді.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазақстанда құрылыс көлемін ұлғайту, тұрғын үй мен басқа да нысандардың сапасына қойылатын талаптарды арттыру, экологиялық талаптарды қатаңдату, бәсекелестіктің артуы құрылысшыларды жаңа технологиялар мен құрылыс материалдарын пайдалануға итермелейді. Бүгінде Қазақстанда құрылыс саласының 1700-ге жуық кәсіпорны бар. Бүгінгі таңда Қазақстанға көптеген құрылыс материалдары оның ішінде, табак шыны, базальт негізіндегі жылу оқшаулағыш материалдар, керамикадан жасалған сантехника, линолеум, өзекті арматуралар, жолаушылар лифтітері, полимер негізіндегі төбе жапқыш материалдар, терезелер мен есіктерге арналған және жиһаз жасауға қажетті бұйымдар материалдар өндірісінің болмауына байланысты импортталады. Мысалы, 2022 жылы линолеум мен еден жабындылары толығымен импортталды, ал керамикалық тақталар – 92,4 %, шыны талшықтары – 96,4 %, ағаш жоңқа тақталары – 80,8 % шамасында болды. Олай болса, отандық өндіріс табиғи шикізат болып табылатын құрылыс материалдарында ғана басым (ресурстардың жалпы көлемінің 92-100 %): әк, табиғи құмдар, әктас, гипс, бор, доломит, саз және каолин [3].

Құрылыс материалдарын шығаратын өндірістердің жоғарыда аталған қуаттылығына және қазіргі іс жүзіндегі құрылыс индустриясы кәсіпорындарының қалған қуаттылығына қарамастан, олар толық көлемінде пайдаланылмайды және олардың мүмкіндіктері негізінен өндірістерді жаңғырту үшін кәсіпорындарда тиісті қаражаттың жетіспеушілігіне және құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырмаларын өндіруде технологияларды игеруге жеңілдікті ұзақ мерзімді кредиттердің болмауына байланысты шектеледі.

Құрылыс саласындағы негізгі проблемалардың ішінде негізгі материалдарды өндіру қуатының жетіспеушілігін, негізгі құралдардың

моральдық және физикалық тозуына байланысты техникалық деңгейдің төмендігін, кәсіпорын өнімдеріне сұраныстың төмен төлем қабілеттілігін атап өтуге болады [4].


Есептеулер нәтижесінде келесі теңдеу алынды:  $ЖІӨ (y) = 21219x * \text{құрылыс көлемі} = 60392$ , мұндағы  $R^2 = 0,9736$ .

Регрессияға тәуелділік моделін құру кезінде 2018–2022 жылдар аралығында сызықтық тәуелділік құрылды (бір жылдық уақыт артта қалдырып). Осы уақытқа нақты баса назар аудару құрылыс көлемі мен Қазақстанның 2017 жылғы және одан бұрынғы ЖІӨ арасында ешқандай өзара байланыс табылмағандығымен түсіндірілуі мүмкін.

Кесте 1 – Қазақстанның ЖІӨ және құрылыс көлемі бойынша статистикалық деректер

Жылдар	ЖІӨ, млн. теңге	Жылдар	Құрылыс жұмыстарының жылдық көлемі, мың теңге
2018	61 819 536,4	2018	2 667 183
2019	69 532 626,5	2019	2 896 877
2020	70 649 033,2	2020	3 258 031
2021	83 951 592,8	2021	3 509 296
2022	103 765 518,2	2022	3 862 995

Ескерту – [5] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды




Сурет 1 – Қазақстанның ЖІӨ көрсеткішінің 2018–2022 жылдардағы құрылыс көлеміне тәуелділігі

Ескерту – авторлармен есептелді.

Құрылыс материалдарын өндіру саласында кластерлердің қалыптасуы бірлестіктердің басқа түрлерінен ерекшеленеді, өйткені оның қатысушыларының кең тізбегі және нақты мақсаттары бар. Құрылыс материалдары кластері шикізат жеткізушілерінен бастап түпкілікті өнім тұтынушыларына дейінгі өндіріс үдерісінің барлық құрауыштарын, сондай-ақ қызмет көрсету секторы мен мамандандырылған инфрақұрылымды біріктіреді. Құрылыс үшін бізге әртүрлі құрылыс материалдары қажет: бастапқы кірпіш, цемент және басқа да көптеген жоғары технологиялық материалдар – металл және пластиктен, шыныдан және бетоннан жасалған бұйымдар, сантехникалық бұйымдар, жоғары сапалы әрлеу материалдары, электротехникалық материалдар, тұрмыстық техника және т.б.

Құрылыс кластері кәсіпорындары құрылыс-монтаждау жұмыстарына, құрылыс материалдарын өндіруге, архитектуралық жобалауға, конструкциялауға мамандануы мүмкін және нысандарды соңғы тұтынушыға тапсыра отырып, құрылыс жұмыстарының толық циклін қамтамасыз ете алады (сурет 2).



Сурет 2 – Құрылыс материалдарының өндірісі кластерінің сызбалық көрінісі Ескерту – авторлармен құрастырылды.

Сонымен бірге, құрылыс материалдарын өндіру саласының бірқатар күрделі мәселелерге тап болғанын атап өткен жөн (Кесте 2). Құрылыс материалдарын шығаратын компаниялардың көпшілігі кірпіш зауыттарында,

темірбетон бұйымдарын өндіруде және металл емес материалдарды өндіруде ескірген технологияларды қолданады. Көптеген құрылыс материалдарын өндіру үшін маңызды химиялық және мұнай-химия компоненттерін өндіру технологиясы жоқ, олар әлі де импортталады және өнім құнының едәуір бөлігін құрайды. Құрылыс саласындағы машиналар мен жабдықтардың тозу деңгейі 55-65 % құрайды [6].

Кесте 2 – Құрылыс материалдары кластерінің мәселелері және оларды шешу жолдары

Негізгі мәселелер	Ұсынылатын ықтимал шешу жолдары
Капиталға қол жетімділіктің болмауы	Түрлі қаржы қорларының (зейнетақы қорлары және т.б.) қаражатын пайдалану тетігін әзірлеу
Әкімшілік кедергілер	Құрылыс материалдарын өндіру және жаңа технологияларды әзірлеу жөніндегі жобаларды қаржыландыруға кластердің қатысуы үшін салалық үлес пұлдарын қалыптастыру
Құрылыс материалдары нарықтары туралы ақпараттың жетіспеушілігі	Шетелдік кеңесшілерді тарта отырып, құрылыс материалдары бойынша электрондық деректер базасын құру
Білікті жұмысшылардың жетіспеушілігі	Кластердің құрылыс өнеркәсібі үшін кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге қатысуы
Логистиканың, көлік инфра-құрылымының жеткіліксіз дамуы, жоғары тарифтер	Кластер шеңберінде технопарктер құру
Отандық технологиялар мен ғылыми әзірлемелердің болмауы	Құрылыс материалдарын өндіру технологияларын әзірлеуге арналған жыл сайынғы байқауларды мемлекеттік органдардың өткізуі
Ескерту – авторлармен құрастырылды	

Қазақстанның құрылыс нарығы 2018-2022 жылдар аралығында құрылыс өнімдерін сату тұрғысынан тұрақты өсу тенденциясын көрсеткенімен, бұл көрсеткіш елдің ЖІӨ-нің өзін ұлғайту үшін немесе, ең болмағанда, ЖІӨ құрылымдағы құрылыстың пайыздық үлесін арттыру үшін жеткіліксіз болды. Тұтастай алғанда, құрылыс индустриясының дамуы сөзсіз экономикалық өсуге әкеледі және тіпті көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімі болуы мүмкін. Алайда, өңірлік деңгейде қазақстандық құрылыс ұйымдарының орталық өңірлерде және ірі қалаларда олардың мүмкіндіктері мен инвестициялық тартымдылығының арқасында үстемдігінің айқын үрдісі



байқалғанына қарамастан, жаһандық ауқымды Қазақстанның құрылыс саласы қажетті қаржылық және ұйымдастырушылық қайта құрулардың болмауына байланысты айтарлықтай артта қалып отыр.

Елдегі қазіргі құрылыс қарқыны негізгі пайдаланудағы (цемент, кірпіш және т.б.), сонымен бірге әрлеушілік және төбе жапқыштық сияқты құрылыс материалдарына деген үлкен сұранысты тудырады. Тұрғын үй құрылысының сапасына қойылатын заманауи талаптар әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жаңа және тиімді құрылыс материалдарын пайдалануды алдын-ала анықтайды.

Қазақстанның жаңа құрылыс материалдары деген экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өте бай шикізат ресурстары, әлеуетті өндірістік қуаттары, қызметтік және инженерлік кадрлары бар және жеткілікті. Алайда, бүгінгі таңда құрылыс материалдарының қазақстандық өнеркәсібі құрылыс өндірісінің қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Мұның бәрі көптеген кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жабдықталуының қазіргі деңгейінде әлемдік стандарттарға сай келетін отандық құрылыс материалдарын өндіруді ұйымдастыру іс жүзінде мүмкін еместігін көрсетеді [7].

Кластер-кәсіпорын қатынастары жүйесіне ерекше назар аударылады, себебі мұнда кластерлер мен кәсіпорындар арасында қажетті байланыстардың болмауы бүкіл үдерістің бұзылуына, баяулауына және тоқтауына әкелуі мүмкін. Құрылыс өндірісі жүйесінің ерекше тұрақсыздығы негізінен, құрылыс материалдарын өндіру кластерінің басқаларына, кейде олармен мүлдем үйлеспейтін, кластерге тәуелділігін айтарлықтай түсінбестен, тек құрылысшылар өздерін құрылыс үдерісінің қатысушылары деп санайтындығымен байланысты олардың үлестері тікелей көрінбейді [8].

Құрылыс индустриясының алдында тұрған негізгі міндеті болып ішкі нарықта ұқсас импорттық өнімдерді ығыстыруға және әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуға қабілетті жоғары сапалы құрылыс материалдары өнімдерін шығаруды ұйымдастыру табылады. Ол үшін Қазақстанда құрылыс материалдары өнеркәсібі дамудың жеткілікті жоғары әлеуетке ие [9].

Құрылыс саласының нарығын дамыту ұзақ мерзімді перспективада инновациялық өгерістер жолында экономикалық дамудың жалпы тұжырымдамасының қажетті бөлігі бола отырып, тұтастай алғанда ұлттық экономиканың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Шетелдік тәжірибеде құрылыс саласындағы шағын және орта кәсіпорындардың дамуы қосалқы мердігерлік және өндірістік қызметтердің мамандануы негізінде тұтастай алғанда өңірлік және ұлттық экономиканың деңгейін арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылатындығын растайды [10].

Қазақстанда құрылыс индустриясын дамыту бағдарламаларын екі жақты тапсырманы орындайтындай етіп жасалуы керек:

1) құрылыс өнімдерінің сапасын арттыру, жоғары тұтынушылық сипаттамаларды қамтамасыз ету, олардың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру;

2) экономикалық пайдалану кезінде функционалдық және эстетикалық жайлылықты арттыру, өркендеген және жоғары дамыған елдер деңгейінде жайлы өмірдің заманауи талаптарына сәйкес келетін саладағы инновациялық өзгерістердің сәулет-құрылыс құрамдас бөлігін трансформациялау.

Кластерге сауда, заңгерлік, аудиторлық, маркетингтік, ақпараттық, білім беру және зерттеу қызметтерін ұсынатын кәсіпорындар мен инфрақұрылымдық мекемелер кіруі керек. Құрылыс саласын тұрақтандыру және дамыту бүкіл құрылыс саласының өсуіне ғана емес, сонымен қатар металл құрастырмаларын, электр жабдықтарын, сантехника мен жиһаздарды шығаратын іргелес кәсіпорындардың жандануына әкеледі [11].

Әртүрлі теориялық және эмпирикалық зерттеулерден көрініп тұрғандай, кластерді жалпы басқаруды құрылтайшылар, кластер мүшелері, қоғамдық ұйымдар, ұлттық және аймақтық деңгейдегі мемлекеттік органдар және коммерциялық емес ұйым жүзеге асыруы керек. Кластерге сондай-ақ, құрылыс материалдарын жобалаумен, өндірумен, құрылыспен, құрылыс кешенінде қызмет көрсетумен, азаматтық тұрғын үй және өнеркәсіптік мақсаттағы инфрақұрылым объектілерін техникалық пайдаланумен, қайта жаңғыртумен және күрделі жөндеумен айналысатын кәсіпорындар мен инфрақұрылымдық мекемелер, қоғамдық ұйымдар, бизнес-құрылымдар, құрылыс ұйымдары кіруі тиіс.

### **Қорытынды**

Құрылыс материалдары кластерін құру кластер қатысушыларына және жалпы экономикаға әртүрлі артықшылықтар бере алады. Біріншіден, кластер құрылыс материалдарын өндіруге қаржы ресурстарын тарту мүмкіндіктерін едәуір кеңейте алады. Бұл артықшылыққа кластердің барлық қатысушыларының қаржылық мүмкіндіктерін біріктіру, сырттан инвестициялар тарту, гранттар түрінде қаржыландырылатын жобалар байқауларына бірлесіп қатысу, кредиттік ресурстарды алу кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін қаржылық мүмкіндіктерді біріктіру есебінен қол жеткізіледі. Екіншіден, кластер құру кластерге кіретін ұйымдардың құрылыс өнімдері мен қызметтерінің құнын төмендету мүмкіндігін арттырады. Жергілікті шикізат базасында өз өндірісінің болуы өнімді тасымалдау, сақтау, сауда қызметтері шығындарын азайтуға көмектеседі, бұл өз кезегінде өндірістік жұмыстардың өзіндік құнын төмендетеді. Сонымен қатар, өнімді

сатуда ешқандай мәселе туындамайды – ол толығымен кластер ішінде қолданылады. Үшіншіден, құрылыс секторы кәсіпорындарының бірлестігі кластер қатысушыларына жергілікті билік пен жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде өз мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, кластерге қатысушылардың әртүрлі құрылыс бағдарламаларын (мысалы, тұрғын үй немесе өнеркәсіптік) іске асыруы құрылыс саласы ұйымдарының және онымен байланысты салалардың тұрақты жүктемесін қамтамасыз ете алады. Бесіншіден, аймақтық деңгейдегі ұйымдардың бірлестігі кластер мүшелері арасындағы әдептілік пен сенімге негізделген қарым-қатынастың түбегейлі жаңа деңгейін қалыптастырады, жаңа ойлау тәсілін жасайды.

Зерттеу нәтижелері ұлттық және аймақтық үкіметтік билік өкілдері тұтастай алғанда аймақтық кластерлерді дамыту стратегиялары мен саясатын әзірлеу және аймақтық деңгейде тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту үшін қолдана алады. Бұл зерттеу Қазақстандағы құрылыс материалдарының кластерімен шектеледі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Портер, М.** Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов [Текст] / Пер. с англ. - 4-е изд. – М. : Альпина Паблишер, 2011. – 453 с.

2 **Abdallah, A. B., Ayoub, H. F.** Information technology drivers of supply chain agility: implications for market performance, internanational // Journal of Productivity and Quality Management. – 2020. – Vol. No. 431. – P. 547–573.

3 Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары, 2018-2022 жж. // Статистикалық жинақ. ҚР Ұлттық статистика бюросы. – Астана, 2023. – 66 б.

4 **Akhanova, G., Nadeem, A., Kim, J. R. and Azhar, S.** A multi-criteria decision-making framework for building sustainability assessment in Kazakhstan // Sustainable Cities and Society. – 2020. – Vol. 52, No. P.101.

5 Анализ рынка: строительство в Казахстане. – [Электронный ресурс]: <https://blog.kazdata.kz/companies/analiz-rynka-stroitelstvo-v-kazaxstane.html> (дата просмотра: 13.01.2024).

6 **Garkin, I. A.** Construction cluster: interaction between construction organizations // Young Scientist. – 2014. – Vol. 4. – P. 155–156.

7 **Akhanova, G., Nadeem, A., Kim, J. R. and Azhar, S.** A framework of building sustainability assessment system for the commercial buildings in Kazakhstan // Sustainability. – 2019. – Vol. 11. – No. 17. – P. 4754–4760.

8 **Islankina, E. and Thurner, N. W.** Internationalization of cluster initiatives: empirical evidence // *Entrepreneurship & Regional development*, 2018. – Vol. 30. – Nos. 7-8. – P. 776–799.

9 **Abdelalim, A. M., Elbeltagi, E. and Mekky, A. A.** Factors affecting productivity and improvement in building construction sites // *Journal of Productivity and Quality Management*. 2019. – Vol. 27. – No.4. – P.464–494.

10 **Vigna, I., Perneti, R., Pasut, W. and Lollini, R.** «New domain for promoting energy efficiency: energy flexible building cluster» // *Sustainable Cities and Society*. 2018. – Vol. 38. – No. 1. – P. 526–533.

11 **Абдыров, Т. Ш., Токтогулова, А. К.** Стратегия инновационного кластерного развития экономики [Текст]. – Б., 2017. – 272 с.

## REFERENCES

1 **Porter, M.** Konkurentnaya strategiya: Metodika analiza otraslej i konkurentov [Competitive strategy: A methodology for analyzing industries and competitors] [Text]: / Translated from English - 4th ed. – Moscow: Alpina Publisher, 2011. – 453 p.

2 **Abdallah, A.B., Ayoub, H.F.** Information technology drivers of supply chain agility: implications for market performance, internatinal // *Journal of Productivity and Quality Management*. – 2020. – Vol. No. 431. – P. 547–573.

3 Qazaqstan Respublikasy boıynsha shıkızattyń asa mańyzdy túrlerınıń, óndırstık-tehnikalıy maqsattaǵy ónimderdıń jáne tútynu tauarlarynyń resurstary men paidalanu balanstary, 2018-2022 zhzh. [Balance of resources and use of the most important types of raw materials, production and technical products and consumer goods in the Republic of Kazakhstan, 2018-2022] // Statistical collection. Bureau of national statistics of Republic of Kazakhstan. – Astana, 2023. – 66 p.

4 **Akhanova, G., Nadeem, A., Kim, J.R. and Azhar, S.** A multi-criteria decision-making framework for building sustainability assessment in Kazakhstan // *Sustainable Cities and Society*. – 2020. – Vol. 52. – P. 101.

5 Analiz rynka: stroitel'stvo v Kazahstane [Market analysis: construction in Kazakhstan]. – [Electronic resource]. – <https://blog.kazdata.kz/companies/analiz-rynka-stroitelstvo-v-kazaxstane.html> (date of application: 13.01.2024).

6 **Garkin, I. A.** Construction cluster: interaction between construction organizations // *Young Scientist*. 2014. – Vol. 4. – P.155–156.

7 **Akhanova, G., Nadeem, A., Kim, J. R. and Azhar, S.** A framework of building sustainability assessment system for the commercial buildings in Kazakhstan // *Sustainability*. – 2019. – Vol. 11. – No. 17. – P. 4754–4760.

8 **Islankina, E. and Thurner, N. W.** Internationalization of cluster initiatives: empirical evidence // *Entrepreneurship & Regional development*, 2018. – Vol. 30. – Nos. 7–8. – P. 776–799.

9 **Abdelalim, A.M., Elbeltagi, E. and Mekky, A. A.** «Factors affecting productivity and improvement in building construction sites» // *Journal of Productivity and Quality Management*. – 2019. – Vol. 27. – No.4. – P. 464–494.

10 **Vigna, I., Perneti, R., Pasut, W. and Lollini, R.** «New domain for promoting energy efficiency: energy flexible building cluster» // *Sustainable Cities and Society*. – 2018. – Vol. 38. – No. 1. – P. 526–533.

11. **Abdyrov, T. Sh., Toktogulova, A. K.** Strategiya innovacionnogo klaster'nogo razvitiya ekonomiki [Strategy of innovative cluster development of the economy] [Text]. – Bishkek, 2017. – 272 p.

30.01.24 ж. баспаға түсті.

06.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

12.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\**Н. С. Досмаганбетов*<sup>1</sup>, *Б. Н. Жабытай*<sup>2</sup>, *Р. А. Ерниязов*<sup>3</sup>,  
*С. Рейдолда*<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Астана;

<sup>2,3,4</sup>Казахский университет технологии и бизнеса,  
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 30.01.24.

Поступило с исправлениями 06.02.24.

Принято в печать 12.02.24.

## **ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЖИЛИЩНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ РЕГИОНОВ НА ОСНОВЕ ФОРМИРОВАНИЯ КЛАСТЕРА СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ**

*В статье дается характеристика и анализ особенностей экономического развития региональной жилищной инфраструктуры путем формирования кластеров строительных материалов в регионах Республики Казахстан. Исследование выявило отсутствие исследований, направленных на взаимосвязь между кластером строительных материалов и экономической эффективностью развития региональной жилищной инфраструктуры. В связи с этим, безусловно, растет научный интерес к восполнению дефицита на*

*примере регионов Казахстана, как страны, где сконцентрированы значительные объемы производства продукции строительных материалов. Целью исследования данной статьи является выявление вопросов, связанных с экономической эффективностью внедрения системы кластерных инициатив для обеспечения развития региональной жилищной инфраструктуры на примере экономики региона и обоснование преимуществ ее использования. Структура исследования включает графические модели кластерного развития отрасли производства строительных материалов и типологию связанных с ними проблем, отражающих рыночные условия в Казахстане. Результаты исследования демонстрируют возможности использования кластерной модели в региональных стратегиях развития отрасли производства строительных материалов и строительной отрасли в целом и доказывают важность внедрения системы кластеризации для решения ряда социальных проблем, таких как жилищные проблемы и экономическое развитие городской инфраструктуры.*

*Ключевые слова: кластеры строительных материалов; кластеры; потенциал кластеризации; кластеризация региональных экономик; инфраструктура жилья; региональное развитие.*

*\*N. S. Dosmaganbetov<sup>1</sup>, B. N. Zhabytay<sup>2</sup>, R. A. Yerniyazov<sup>3</sup>, S. Reidolda<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>2,3,4</sup>Kazakh University of Technology and Business,  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 30.01.24.

Received in revised form 06.02.24.

Accepted for publication 12.02.24.

## **ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE HOUSING INFRASTRUCTURE OF THE REGIONS BASED ON THE FORMATION OF A CLUSTER OF CONSTRUCTION MATERIALS**

*The article describes and analyzes the features of the economic development of regional housing infrastructure through the formation of clusters of construction materials in the regions of the Republic of Kazakhstan. The study revealed a lack of research aimed at the relationship*

*between the economic efficiency of the construction materials cluster and the development of regional housing infrastructure. In this regard, there will certainly be an increased scientific interest in replenishing the shortage on the example of the regions of Kazakhstan as a country where a significant volume of production of construction materials products is concentrated. The purpose of the study of this article is to identify problems related to the economic efficiency of implementing a system of cluster initiatives to ensure the development of regional housing infrastructure on the example of the region's economy and justify the advantages of its use. The structure of the study includes graphical models of cluster development of the construction materials production industry and a typology of the problems associated with them, reflecting market conditions in Kazakhstan. The results of the study show the possibilities of using the cluster model in regional development strategies of the construction materials production industry and the construction industry as a whole and prove the importance of implementing a clustering system to solve a number of social problems, such as housing problems and economic development of urban infrastructure.*

*Keywords: construction materials clusters; clusters; clustering potential; clustering of regional economies; housing infrastructure; regional development.*

Теруге 01.03.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4199

Сдано в набор 01.03.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4199

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)

[www.vestnik-economic.tou.edu.kz](http://www.vestnik-economic.tou.edu.kz)